



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

инструментов, обращающих на рынок ценных бумаг. Правовая система Параграф, 2009.

2. Нерсесов Н.О. Ценные бумаги на предъявителя с точки зрения гражданского права // В изд. Представительство и ценные бумаги в гражданском праве.-М.:Статус, 2000. – 187с.

3. ҚР бағалы қағаздар рыногы туралы заңы, 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 / Правовой справочник Законодательство, 2010.

4. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін, 2005 жылғы 27 тамыздағы N 317/ Правовой справочник Законодательство, 2010.

УДК 346.7

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

**Махмуд Марьям, Сакенов Сағидолла**

[sagidolla.sakenov@mail.ru](mailto:sagidolla.sakenov@mail.ru), [makhmudova.kz28@gmail.com](mailto:makhmudova.kz28@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті 3 курс  
студенттері,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қожахметова С.Ғ., заң магистрі, Азаматтық және экологиялық  
құқық кафедрасының аға оқытушысы

Кәсіпкерлік қызмет ерте кезден-ақ адамзаттың дамуына елеулі ықпал етіп келеді. Адамдар қажетті тауар өнідру мен көрсетілетін қызметті өзіндік қамтамасыз етуден өзге жолдардың бар екендігін ұғынған сәттен бастап, кәсіпкерлік қызмет кез келген қоғамның айырылмас атрибутына айналды. Кәсіпкерліктің дамуы қоғам дамуымен қатар жүрді, бұдан шығатын қорытынды – кәсіпкерлік қызмет қоғамның дамуын итермелейтін негізгі факторлардың бірі [1]. Кәсіпкерлік қызметтің дамуы өзге қызмет түрлері секілді, дамыған ақпараттық қоғамға мұқтаж.

Ақпарат өркениеттің даму тарихында әрдайым басты рөлге ие, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның дамуының барлық сатысында және барлық деңгейінде қабылданатын шешімдердің іргетасы ретінде қызмет етеді. Қоғамның даму тарихында төмендегідей бірнеше негізгі ақпараттық төңкерістерді атап өтуге болады:

✓ Алғашқы ақпараттық төңкеріс – жазудың пайда болуы;  
✓ Екінші ақпараттық төңкеріс (XVI ғасырдың ортасы) - кітап баспасының дүниеге келуі (алғашқы басылымды ойлап тапқандар: Гуттенберг пен Иван Федоров);

✓ Үшінші ақпараттық төңкеріс (XIX ғасырдың аяғы) электр қуатының пайда болуымен ерекшеленеді. Нәтижесінде телеграф, телефон, радио іспетті алғашқы ақпараттық байланыс құралдары өмірге келді;

✓ Төртінші ақпараттық төңкеріс (XX ғасырдың ортасы) есептеуіш техникасы мен дербес компьютердің пайда болуымен есте қалды. Байланыс желілері мен телекоммуникациялар өмірге келді.

✓ Қазіргі таңда адамзат бесінші ақпараттық төңкерісті бастан кешуде. Бұл төңкеріс жеке адамға да, адамдар тобына да бір мезетте әсер ететін, әрбір үйде орнатылатын, сонымен қатар барлық әлем мемлекеттерін тіпті құрлықтарды қамтитын транс-шекаралық, жаһандық, ақпараттық-телекоммуникациялық желілердің қалыптасуы және дамуымен байланысты. Бесінші төңкерістің бірден-бір нәтижесі – Интернет желісі [2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 18 қаңтарындағы халыққа жолдауында инновациялық экожүйенің табысына әсер етуші негізгі факторлар: нақты сектор тарапынан

туындайтын жаңа технологияларға сұранысты ынталандыру мен венчурлық қаржыландырудың жеке меншік нарығын іске қосу деп атап өткен болатын.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына сәйкес қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының маңыздылығын ескерген жөн. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау [3].

Интернет желісі арқылы жүзеге асырылатын электрондық сауда жаһандану процессінің маңызды құрамдас бөлігі екені даусыз. Бұл мақала «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында қойылған негізгі міндеттердің бірі – электрондық сауданы дамыту үшін оның құқықтық реттелуін шет мемлекеттердің заңнамаларын отандық заңнамамен салыстыра отырып зерделеу, ондағы негізгі мәселелердің шешімдерін табудың оңтайлы жолдарын ұсынуға бағытталған.

Электронды сауданың құқықтық табиғатын анықтау үшін, алдымен, қарастырылып отырған құбылысқа тарихи талдау жүргізіп, оның халықаралық-заңдық тәжірибедегі кең мағынадағы ұғымын анықтау қажет.

Ақиқатында электрондық сауда, Интернет желісі пайда болмай тұрып, дүниеге келген. XIX ғасырдың 40-жылдары ірі америкалық сауда жүйелері телеграфтық желі арқылы біріктірілген болатын. Елде телеграфтық желі арқылы мемлекеттің әр түкпірінде орналасқан нарықтардағы бағалар жайлы ақпарат алмасып отырған. Ең алғашқы электрондық сауданың үлгілерін «телеграфтық аударымдар» деген атаумен жүргізілген банктік операциялардан көре аламыз. Ал электрондық коммерцияның заманауи түсініктегі нұсқасы 1960 жылдары АҚШ-тағы ірі компаниялардың ресурстарын басқарудың автоматтандырылған жүйесін іске асыру мен көрсетілетін қызмет пен тауарлар сатылымдарын автоматтандырудың XX ғасырдың екінші жартысындағы ең жаңашыл технологияларын енгізуден бастау алды.

Мысалы, 1960 жылдары, American Airlines әуе компаниясы IBM ірі көлік және компьютерлік корпорациясымен біріге отырып, әуе рейстеріне билеттерді брондауды автоматты түрде рәсімдеудің алғашқы жүйелерін енгізді. Нәтижесінде, 1964 жылы күніне 26 000 жолаушыға әуе рейстеріне орындарды электронды брондау мүмкін болды. Сондай-ақ аталған процедураның уақыт үнемділігімен қоса, жаңашыл әдіс билет құнының төмендеуі сынды өзге де оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге негіз болды. Бұл мәліметті слайдқа ғана қосқан жөн бе?

Электрондық сауда жүйесінің еуропалық даму тәжірибесіне көз жүгіртер болсақ, тарихи тұрғыда бастапқы болып, Ұлыбритания елінде есептеу жүйесіне: аударымдар мен клиринг жүйесіне электронды механизмдерді енгізу жүргізілді. 1968 жылдың өзінде Ұлыбританияда BACS (Bankers Automated Clearing Services) клиринг және ақша аударымының электронды жүйесі қалыптасты. Аталған ең алғашқы электронды жүйелер аясында тиімді автоматтандырылған коммерциялық өзара ықпалдастыққа қол жеткізу Интернет желісінің пайда болуымен және кәсіпкерлік қатынастардың құқықтық реттелуімен ғана мүмкін болды. Осыған байланысты 1969 жылы Интернет желісі пайда болып, электронды сауданың құқықтық реттелуі бастама алды. Сол секілді көршілес Ресейде электронды сауданың дамуы тек 1998 жылы Автобанкпен әзірленген «Интернет Сервис Банк» Интернет-банкингінің жүйесі пайда болуымен байланысты, банк операцияларының алғашқы Интернет-қызмет көрсетудің іске асырылуынан бастау алады.

Интернет желісінің өмірге келуімен байланысты сауда қатынастарын құқықтық реттеу мақсатында көптеген мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары электрондық сауданы, оның ішінде: электрондық мәміле, электрондық қолтаңбаны реттейтін нормативтік актілер қабылдады. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында электронды сауданы құқықтық реттелуінің нақты қажеттілігі 1990-жылдары туындады. 1997 жылы ел Президенті Билл

Клинтон «Жаһандық электрондық коммерцияның негіздері» аталатын заңнамаға қол қойды. Сондай-ақ, АҚШ үшін электронды сауданы реттеуге бағытталған алғашқы негізгі нормативтік актілер болып 1999 ж. қабылданған «Біріктірілген электронды хабарламалар туралы» заң (Uniform Electronic Transactions Act, UETA) және 2000 ж. күшіне енген «Электронды қолтаңба туралы» заң (E-Sign Act) саналды. Бұл заңдардың қысқаша мазмұны электронды мәміле барысында электронды қолтаңбаның қарапайым қолтаңбаға теңестірілуінен көрініс табады [4].

Соңғы жылдары Ғаламтор (Интернет) бизнесі ерекше өзекті саналады, себебі, компаниялардың желілерден орын алуы - тұтыншылардың санын көбейтуге, сатылымның өсіміне және халықаралық нарықта ілгерілеуге мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі. Электронды саудадағы кәсіпкерліктердің санының өсуіне байланысты, әлемде бұл саладағы қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің көптеп қабылдануы байқалады. Көптеген алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер секілді Сингапур мемлекеті де өзінің заңнамаларын жаңа цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайына бейімдеуде.

Англо-саксондық құқықтық жанұяға жататын Сингапур мемлекетінде Интернет ұғымының мазмұнында ақпараттық медиа ұғымы түсініледі. Осы себепті, Интернет желісін құрайтын қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуі Сингапур мемлекетінің Хабарландыру Басқармасының (Singapore Broadcasting Authority, SBA) құзіретіне жатқызылады. Алдымен электрондық сауданы іске асыру үшін қажетті рұқсаттарға тоқталсақ, аталған Басқарманың қаулысына сәйкес, хабарландыру қызметінің барлық түрлері, интернет-провайдерлердің желіге қолжетімділікті қамтамасыз етуін және контент-провайдерлердің ақпаратты толықтыруды қамтамасыз етуін қоса алғанда, міндетті түрде лицензияландырылуы қажет. Тұлғалардың кей жекелеген топтары, мәселен, web-сайт иелері қажетті лицензияны арнайы өтінішті толтырмай-ақ, автоматты түрде ала алады. Мұндай лицензия иеленушілері «формальді лицензияттар» болып саналады. Сингапур елінде барлық лицензияттар «Интернет желісіндегі тиісті мінез-құлық Кодексіне» сәйкес қызметтерін жүзеге асыруы тиіс. Бұл кодекс қоғамдық имандылыққа, азаматтардың қауіпсіздігі мен заңды мүдделеріне, қоғамдық тәртіпке қайшы келетін, сондай-ақ өзге заңнамалармен тыйым салынған өзге де материалдарды (ақпараттарды) жариялауға тыйым салады. Егер ақпараттың заңға сәйкестігін сүзгілейтін серверлік құралдар Сингапур мемлекетінің аумағынан тыс жерде орналасқан болса, құқық бұзушылық Хабарландыру Басқармасының өкілеттігімен қаралмайды.

Бұл мемлекетте, Интернет арқылы тауарлар өткізу мен қызмет көрсетуде дәстүрлі (қарапайым) жолмен тауарлар өндіру, сату, қызмет көрсету қатынастарын реттейтін нормалар қолданылады. Мысалы, Интернет желісінде қаржылық қызмет көрсету мен қаржылық өнімдерді сату Сатушылардың қаржылық қызмет көрсету ережелерімен реттеледі. Сол сияқты, Сауда туралы заң (Sale of Goods Act – SOGA) сатып алу-сату шартының міндетті талаптарын айындайды, яғни заңға сәйкес, тауар көрсетілген сипаттамасына, сапасына, түр-түсіне сай болуы қажет. Бұл сауданың барлық түрлеріне, оның ішінде электрондық саудаға да қолданылады. Немесе, Интернеттегі жарнамалар, тауарлардың жекелеген түрлерінің веб-жарнамасын қоса алғанда, Жарнама туралы Сингапур Кодексіне (Singapore Code of Advertising Practice) сай болуы қажет. Аталған қатынастарға жоғарыда көрсетілген өздері реттелетін заңнамалар тек сол қатынастарға қатысты нормалар аясында реттеледі. Сайт иеленуші Сингапур Тұтыншылар құқығын қорғау туралы Заңымен (Consumer Protection Act) таныс болуы қажет. Яғни, бұл заңда тұтынушы деп электронды саудадағы сатып алушы да ескерілетіні көрсетілген [5].

Көріп отырғанымыздай, электрондық сауданы реттейтін арнайы заң болмағанымен, экономикасы жоғары дамыған мемлекетте электрондық сауда қатынастары тиімді реттелуде.

Ендігі кезекте, жалпы электрондық сауданың қазақстандық заңи реттелуіне көшсек, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі №544 «Сауда қызметін реттеу туралы» заңының 1-бабына 24-тармағына сәйкес, электрондық сауда – ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет [6].

Кәсіпкерлік қызмет азаматтық қатынастардың бір түрі болғандықтан, ол нормативтік-құқықтық актілермен қоса, шарттармен реттеледі. ҚР Азаматтық кодексінің 147-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады [7]. ҚР Сауда қызметін реттеу туралы заңында не ҚР Азаматтық кодексінде, ҚР Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы заңда «электронды мәміле» ұғымына нақты анықтама берілмегендігін байқаймыз. Алайда электронды мәміле - электрондық құжаттың бір түрі.

Электрондық сауданың іске асырылуында маңызды рөлдердің бірін электрондық сауда делдалы атқарады. Атап айтқанда, электрондық сауда делдалы ақпараттық ресурстардағы қамтылған ақпараттың тұтастығын және құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті тұлға. Бұл норма ҚР Сауда қызметін реттеу туралы заңының 29-1 бабының 3-тармағында көзделген. Осы заңға сәйкес, электрондық саудадағы делдал – электрондық сауданы ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін тұлға, тиісінше электронды саудаға қатысушы тұлғалардың бірі болып саналатыны көзделген.

Дегенмен, электрондық сауда делдалының құқықтары мен міндеттері заң нормаларымен реттелмеген. «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚРЗ-ының 10-бабының 8-тармағында көзделген: «орындаушы – шарт бойынша жұмысты орындаушы немесе қызмет көрсетуші жеке немесе заңды тұлға» анықтамасы электрондық саудадағы делдал ұғымына ұқсас [8].

Жоғарыда салыстырмалы түрде зерттелген Сингапур елінің электронды сауда аясындағы заңдарын қарастыруымыз тегіннен емес. Біріншіден, "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 2-бабына 3-тармағына сәйкес, Орталықтың негізгі қағидаттарының бірі - Орталық қатысушыларының қызметінде халықаралық стандарттар мен үздік халықаралық практикаларды қолдану [9]. Бұл үшін англо-саксондық құқықтық жүйедегі елдердің заңнамасын талдау маңызды. Екіншіден, салыстырмалы талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңдарында электрондық сауданы реттейтін нормалардың жеткіліксіздігін байқауға болады. Біздің ойымызша, ЭС-ның құқықтық реттелуін жетүлдіру мақсатында, «Электрондық сауда» туралы арнайы заң қабылдамастан, тиісті нормативтік актілерге төмендегідей ретте толықтырулар енгізу әлдеқайда тиімді:

✓ мәселен, қайта Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылдай отырып, «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» ҚРЗ-ына электрондық саудамен айналысушы кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін арнайы рұқсаттар не лицензияларды енгізу. Себебі, ЭС-дағы кәсіпкерлік субъектілерінде туындайтын жауаптылық өзгеше.

✓ Сондай-ақ, «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚРЗ-ының 10-бабының 8-тармағында көзделген «орындаушы» анықтамасының жанынан «және/немесе электрондық саудадағы делдал» деген сөздермен, өзге де орындаушының құқықтары мен міндеттері көзделген баптарды қоса толықтыру, немесе ЭСД-ның міндеттерін жекелеген жаңа бапта қарастыру [8].

✓ ҚР Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы заңына электрондық мәміле ұғымына анықтама бере отырып, электрондық құжаттың бір түрі ретінде қарастыру

Қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуін анықтау кезінде азаматтардың бұл қатынасқа қаншалықты белсенді түсетінін анықтау да маңызды. Авторлар тарапынан жүргізілген электрондық сауда туралы әлеуметтік сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес, «электрондық саудаға жеке басыңыз қаншалықты жиі тұтынушы ретінде қатыстыңыз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушы 17-25 жас аралығындағы ЕҰУ-нің Заң факультетінде білім алатын 21 білімгердің тек 4-і жиі қатысатынын, 7-сі кейде қатысатынын, ал 9-ының мүлдем қатыспағаны анықталды, ал орта 26-43 жас аралығындағы профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ-бұдан әрі) 12 қызметкерінің 3-і жиі, 6-сы кейде, ішінара, 3-і

мүлдем қатыспайтынын белгіледі. Сондай-ақ, басым жағдайда респонденттер электрондық саудаға банк карталарын қолдану арқылы, онлайн режиміндегі тауар жеткізілімі операцияларды қолданылу арқылы қатысқан. Электрондық сауданың дамуына әсер ететін шаралардың ішінде «ЭС-мен айналысатын онлайн-ресурстар мен орталықтарды дамытуды» және «ЭС аясындағы заңнаманы жетілдіруді» респонденттер тиімді деп тапты.

Осы ретте ЭС-мен айналысатын онлайн-ресурстар мен орталықтарға тоқталар болсақ, қазіргі таңда Астана қаласында орталықтан шалғай орналасқан ықшамаудандардың саны артып келеді. Алайда, қала шетінде орналасқан ықшамаудандар тұрғындарының дәл электрондық саудаға белсенді қатысуы үшін инфрақұрылыммен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген бе? Қазіргі таңда банк карталары арқылы төлем жасау тиімді болғандықтан, халықтың едәуір бөлігі бұл әдіске көшіп үлгерді. Туындайтын мәселе: жоғарыда аталған ықшамаудандардағы сауда орны - дүкендердің барлығында бірдей төлемдерді банк карталары арқылы жүргізу үшін қажетті құрылғы POS (Point Of Sale) - терминалдардың іске қосылмауы. Негізгі себеп интернет желілерінің тартылмауы. Осындай жағдай еліміздің көптеген өңірлерінде орын алып отыр. Демек, бұл мәселені құқықтық реттеу мақсатында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланған объектілер орналасқан өңірлерде бірінші кезекті қажетті инфрақұрылымдардың бірі ретінде Интернет желілерін тартуды көздейтін тиісті жергілікті атқарушы органдар деңгейінде нормативтік актілер қабылдау қажеттігі туындайды.

Жақын күндері Елбасы тапсырмасымен ел Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев іссапармен, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елабсы Жолдауы мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуымен таныс болу үшін Алматы қаласында болды. Талқылау барысында жиналысқа қатысушылар 2018-2020 ж.ж. Қазақстан Республикасында электрондық сауданың дамытуға бағытталған «Жол картасы» жобасы, Зейнатақы қоры мен Міндетті медициналық сақтандыру қорындағы активтерді басқару мәселелері, жеке тұлғалардың цифрлық идентификациясы цифрландыру аясындағы сақтандыру нарығын дамыту мәселелері жайлы сөз қозғады [10]. Осыдан шығатын қорытынды, 2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылатын Цифрлық Қазақстан бағдарламасы еліміздің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды. Қоғамның кез келген саласы құқықтық реттелуді қажет ететіндіктен, бағдарламаның басты міндеттерінің бірі – электрондық сауданы дамыту да тиімді құқықтық реттелу жағдайына тәуелді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Копылов В.А. Информационное право. М.:Юристъ,2002.-427с.
2. Жужома Ю.Н.,Козин А.В. Анализ правомрименительной практики электронной коммерции и проблемы продажи программного обеспечения//Научный журнал НИУ ИТМО, №1,2017, с 71-76
3. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы//<http://mic.gov.kz>
4. Козинец Н.В. Эволюция правового регулирования трансграничной электронной торговли в законодательстве США//<https://cyberleninka.ru>
5. Законы, важные для владельца интернет-бизнеса в Сингапуре//<https://www.start-business-in-singapore.com>
6. «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚРЗ.
7. ҚР Азаматтық кодексі.Жалпы бөлім. 27.12.1994
8. «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚРЗ.04.05.2014
9. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы ҚРЗ.07.12.2015
10. В условиях цифровизации // Казахстанская правда №204(28583), 24.10.2017